

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 қазандағы № 1064 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтыру мен өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

1 3

қ а з а н д а ғ ы

№ 1 0 6 4

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтыру мен өзгерістер

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қарашадағы № 1 0 8 5 қ а у л ы с ы н д а :

көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл ж о с п а р ы н д а :

«Жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу» деген бөлімде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Осы бөлімде көзделген қаражаттың 70 (жетпіс) млрд. теңге мөлшеріндегі ақшалай қаражаты басым инвестициялық жобаларды (Бейнеу - Бозой газ құбырын салу, «Алатау Жарық» компаниясының кіші станциясын салу, Қорғас - Жетіген темір жолын салу, «Өзен - Түркіменстан шекарасы» темір жолын салу, Атырау облысындағы газ-химия кешенінің инфрақұрылымын салу) қаржыландыруға бағытталады.»;

«Шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру ұйымдарын қолдау» деген бөлімде: үшінші абзацтағы «қаражат» деген сөз «қаражатты» деген сөзбен, «жіберілетін болады» деген сөздер «жіберу ұсынылады» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен бақылау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 6 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009 - 2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

«IV. Шағын және орта бизнесті, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру ұйымдарын қолдау» деген бөлімде: реттік нөмірі 1-жолда екінші сөйлемдегі «қаражат» деген сөз «қаражатты» деген сөзбен, «жіберілетін болады» деген сөздер «жіберу ұсынылады» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау және жылжымайтын мүлік нарығындағы ахуалды тұрақтандыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 ақпандағы № 148 қаулысында:

көрсетілген қаулымен мақұлданған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы және екінші деңгейдегі банктер арасындағы кейіннен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне кредит беру үшін қаражатты екінші деңгейдегі банктерде орналастыру туралы бас келісімде:

«Орналастырылған қаражатты беру шарттары және оны өтеу тәртібі» деген 3-бөлімнің 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Осы Келісімде көзделген ақшаның 30-нан % аспайтын мөлшеріндегі қаражатын ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі жобаларды қаржыландыруға жіберу ұсынылады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі ұйымдарға осы Келісімде көзделген шарттар қолданылады.».

4. «Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың және жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 9 қазандағы № 1553 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 42, 407-құжат):

көрсетілген қаулымен мақұлданған «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы, «Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы мен екінші деңгейдегі банктер арасындағы Өңдеуші өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік субъектілерге кейіннен кредит беру үшін «Стресті активтер қоры» акционерлік қоғамының қаражатын екінші деңгейдегі банктерге орналастыру туралы бас келісімде: «Келісімнің мәні» деген 2-бөлімнің 7-тармағындағы «2009 жылғы 20 (жиырмасыншы) желтоқсаннан» деген сөздер «2010 жылғы 10 (оныншы) сәуірден» деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК